

SATBAYEV UNIVERSITY

СӘТБАЕВ  
УНИВЕРСИТЕТІ



МЕТАЛЛУРГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІК  
ИНЖЕНЕРИЯ ИНСТИТУТЫ

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МАШИНАЛАР ЖӘНЕ  
ЖАБДЫҚТАР КАФЕДРАСЫ

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

Кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.канд.,

ассоц. профессор

К.К. Елемесов

«25» мамыр 2020ж

## ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: «Өнімділігі 0,040 м<sup>3</sup>/с дейінгі бұрғылау ерітіндісін беру және тазартудың циркуляциялық жүйесін жобалау»

5B072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар» мамандығы

Орындаған: Сабилов Эльфат Ермакович

Ғылыми жетекші: ассоц. профессор Карманов Тоғыс Досмурзаевич

Алматы 2020

Satbayev University

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

Технологиялық машиналар және жабдықтары кафедрасы

5B072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар»

**БЕКІТЕМІН**

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл канд.,

ассоц. профессор

К.К. Елемесов

«28» қаңтар 2020 ж.

**Дипломдық жоба орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Сабиров Эльфат Ермакович

Тақырыбы Өнімділігі  $0,040 \text{ м}^3 / \text{с}$  дейінгі бұрғылау ерітіндісін беру және тазартудың циркуляциялық жүйесін жобалау

Университет басшысының "27" қаңтар 2020 ж. № 762-б бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «01» мамыр 2020ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері Өнімділігі  $0,040 \text{ м}^3 / \text{с}$  дейінгі бұрғылау ерітіндісін беру және тазартудың циркуляциялық жүйесі.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Техникалық бөлімі: Өнімділігі  $0,040 \text{ м}^3 / \text{с}$  дейінгі бұрғылау ерітіндісін беру және тазартудың циркуляциялық жүйесіне талдау жасау; негізгі жабдықтарына түсініктеме беру.

б) Есептеу бөлімі және арнайы бөлім: негізгі элементтерінің параметрлері есептелінді;.

в) Экономикалық бөлімі: жобаланатын жүйенің экономикалық, пайдалану тиімділіктерін салыстыру.

г) Еңбек қорғау бөлімі: қауіпсіздік шаралары және еңбек қорғау мәселелерін қарастыру;

Сызба материалдар тізімі (5 парақ сызбалар көрсетілген)

1. Циркуляция жүйесінің жалпы көрінісі; 2. Жинақ сызбасы; 3. Бөлшек сызбасы; 4. Техникалық ұсыныс; 5. Бөлшек сызбасы; .

Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атау

## **АҢДАТПА**

Бұл дипломдық жобада өнімділігі 0,040 м<sup>3</sup>/с дейінгі бұрғылау ерітіндісін беру және тазартудың циркуляциялық жүйесін жобалау жұмыстары жүргізілді.

Жобаның мақсаты – берілген өнімділік бойынша циркуляциялық жүйеге кіретін қондырғылардың параметрлерін есептеп, бізге тиімді типін таңдау.

## **АННОТАЦИЯ**

В данном дипломном проекте проведены работы по проектированию циркуляционной системы очистки и подачи бурового раствора производительностью до 0,040 м<sup>3</sup>/с.

Цель проекта – расчет параметров оборудования, входящего в циркуляционную систему по заданной производительности и выбор оптимального для нас типа.

## **ANNOTATION**

In this diploma project, work was carried out on the design of a circulating system for cleaning and feeding drilling mud with a capacity of up to 0,040 m<sup>3</sup>/s (cubic meters per second).

The purpose of the project is to calculate the parameters of the equipment included in the circulation system for a given performance and select the optimal type for us.

## МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	5
1	Техникалық бөлім	6
1.1	Циркуляциялық жүйе құрылымы	6
1.2	Циркуляциялық жүйенің технологиялық схемасы	11
1.3	Циркуляциялық жүйе блоктарын монтаждау	12
2	Есептеу бөлімі	16
2.1	Виброелекті есептеу және таңдау	16
2.2	Гидроциклонды жобалау	17
2.3	Лай бөлгішті таңдау	23
2.4	Насосты таңдау	24
3	Арнайы бөлім	25
3.1	Бұрғылау ерітінділерін дайындауға және өлшеуге арналған құрылғылар	25
3.1.1	Бұрғылау ерітіндісін дайындау қондырғысы (БПР)	25
3.2	Бұрғылау ерітіндісін шламнан тазалауға арналған жабдықтар	26
3.2.1	Виброелек	27
3.2.2	Гидроциклон, құмайырғыш және илайырғыш	28
3.2.3	Центрифуга	32
3.2.4	Дегазатор	34
3.3	Сору желілері және манифольд	35
4	Еңбекті қорғау бөлімі	40
	Қорытынды	43
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	44

## КІРІСПЕ

Мұнай мен газ өндіру өсімінің жоғары қарқыны отандық мұнай-газ өндіру өнеркәсібін әлемдегі алдыңғы қатарлы позицияға көтерді.

Соңғы жылдары бұрғылау жұмыстарының өнімділігіне және мұнай мен газ өндірудің өсу қарқынын жеделдетуге елеулі әсер еткен бұрғылау машиналары мен кешендерінің жаңа үлгілері жасалды. Бұрғылаудың жетістіктері бұрғылау машиналарын есептеу және жобалау, олардың техникалық деңгейі мен сенімділігін арттыру саласындағы жаңа ғылыми жобалармен тығыз байланысты.

Мұнай және газ кен орындарын игеру кезінде, басқа да пайдалы қазбаларды игеруден айырмашылығы, бұрғылау және бұрғылау жабдықтары үлкен рөл атқарады, өйткені бұрғылау ұңғымасы қабаттық флюидтерге: мұнай, газ және газ конденсатына қол жеткізуді қамтамасыз ететін құрал болып табылады. Мұнай мен газға бұрғылаудың басқа да бұрғылау түрлерінен, мысалы қатты пайдалы қазбаларға бұрғылаудан принципті айырмашылығы, тұтастай алғанда ұңғымаларды салудың технологиялық процесінің бірқатар ерекшеліктерінен тұрады. Бұл ерекшеліктер орындалатын функциялардың едәуір көп болуына және оларды жүзеге асырудың күрделілігіне байланысты. Белгілі бір кен орнын игеру кезінде ұңғымаларды бұрғылау үшін технологиялар мен техникалық құралдарды дұрыс таңдау тұтастай алғанда жұмыстың тиімділігін анықтайды [1].

Ұңғымаларды шаюдың технологиялық процесі бұрғылаудың ең маңызды процестерінің бірі болып табылады. Ол бірқатар технологиялық операцияларды қамтиды: дайындау, тазалау, құймаларды реттеу және бұрғылау ерітіндісінің айналымы.

Мұнай және газ ұңғымаларының тереңдігі ұлғайған сайын, ұңғымаларды тазарту; бұрғылау немесе жуу сұйықтықтарын дайындау және тазарту процестері; ауырлатқышты регенерациялау; бұрғылау қондырғыларының айналым жүйелеріндегі ерітінділер құрылымын сақтау барған сайын маңызды бола түсуде.

Бұл жобада бұрғылау ерітіндісін беру және тазартудың циркуляциялық жүйесін жобалау қарастырылған.

## 1 Техникалық бөлім

### 1.1 Циркуляциялық жүйе құрылымы

Бұрғылау қондырғысының жүк көтергіштігімен және ұңғыманың тереңдігімен анықталатын класына, сондай-ақ бұрғылаудың технологиялық процесінің күрделілігіне байланысты бұрғылау қондырғылары бұрғылау ерітіндісін тазалау және циркуляциялау үшін әртүрлі жабдықтармен жабдықталған блоктар жиынтығын қамтитын циркуляциялық жүйелерімен жинақталады.

Циркуляциялық жүйе блоктарының орналасуы негізгі бұрғылау жабдығын орналастырумен анықталады.

Циркуляциялық жүйе – бұрғылау қондырғысында бұрғылау ерітіндісімен жұмыс істеу барысындағы маңызды компонент. Циркуляциялық жүйе келесі функцияларды орындайды:

- бұрғылау ерітіндісін дайындау,
- бұрғылау ерітіндісін ұңғыма сағасынан қабылдау сыйымдылықтарына жеткізу,
- бұрғылау ерітіндісін бұрғыланған жыныстың қоспаларынан тазарту және оны газсыздандыру,
- бұрғылау ерітіндісінің айналмалы жүйесімен химиялық жолмен өңдеу,
- бұрғылау сорғыларына және қосымша сыйымдылықтарға бұрғылау ерітіндісін беру,
- оны сақтау үшін жағдай жасау.

Циркуляциялық жүйе – бұрғылау ерітіндісін тазалау, дайындау, реттеу және циркуляциялауға және қуаттарды қашауға, забой қозғалтқышына жеткізуге арналған жабдықтар жиынтығы. Бұрғылау қондырғыларының циркуляциялық жүйесі бұрғылау ерітіндісінің бірнеше рет мәжбүрлі циркуляциялау жолымен ұңғымаларды жууды қамтамасыз ететін жердегі құрылғылар мен құрылыстарды қамтиды және ұңғымаларды жуу тұйықталған шеңбер бойынша жүреді: сорғы – ұңғыманың кенжары (забойы) – сорғы. Көп мәрте тұйық циркуляциялау жұмыстары химиялық компоненттер мен бұрғылау ерітінділерінің құрамына кіретін басқа да құнды материалдардың шығынын қысқарту арқасында айтарлықтай экономикалық пайда береді. Сондай-ақ, тұйық циркуляция қоршаған ортаның химиялық агрессивті және улы компоненттері бар ағынды сулармен ластануына жол бермейді.

Бұрғылау қондырғысының циркуляциялық жүйелері келесі негізгі функцияларды орындауға арналған өзара байланысты құрылғылар мен құрылымдардан тұрады: бұрғылау ерітінділерін дайындау, бұрғылау ерітіндісін шламдардан және басқа да зиянды қоспалардан тазарту, бұрғылау ерітіндісінің физико-механикалық қасиеттерін реттеу. Циркуляциялық жүйенің құрамына сорғыш және сорғылардың арынды желілері, ерітіндіні сақтауға арналған ыдыстар және оны дайындауға қажетті материалдар, науалар, тұндырғыштар, бақылау-өлшеу аспаптары және т. б. кіреді. Циркуляциялық жүйелер бұрғылау

қондырғысын жеткізу жиынтығына кіретін жеке блоктардан құрастырылады. Блокты дайындау принципі айналым жүйесінің жинақтылығын қамтамасыз етеді және оны монтаждау мен техникалық қызмет көрсетуді жеңілдетеді.

Циркуляциялық жүйеде бір-бірімен құбыржолдармен жалғанған тікбұрышты қиманың бірнеше сыйымдылықтары қарастырылған, олар бойынша ерітінді сыйымдылықтар арасында қозғалады. Циркуляциялық жүйелер туралы айтқанда, ең алдымен, оның жер бетіндегі бөлігін айтады. Циркуляциялық жүйенің жер үсті бөлігі екі кіші жүйеге бөлінеді:

- бұрғылау сұйықтығымен қамтамасыз етудің ішкі жүйесі (айдау және реттеу процестерін қамтиды);
- ерітінділерді өңдеудің ішкі жүйесі (ерітіндіні дайындау, тазарту, қалпына келтіру және реттеу процестерін қамтиды).

Бұрғылау ерітіндісін беру жүйесі мыналардан тұрады:

- бұрғылау сорғылары;
- орталықтан тепкіш сорғылар;
- қабылдау сыйымдылығы;
- сорғы желілерін тарту.

Бұрғылау ерітіндісін өңдеу ішкі жүйесі құрамына кіреді:

- бұрғылау ерітіндісін тазалау блогы;
- бұрғылау ерітіндісін сусыздандыру блогы;
- аралық блок;
- сусымалы материалдарды сақтау блок-модулі [2].

Циркуляциялық жүйелерге арналған тазарту блоктары (1.1-сурет) аз қалдықты немесе амбарлық емес технология бойынша бұрғылау жұмыстарын жүргізуге арналған және барлық кластағы бұрғылау қондырғыларының циркуляциялық жүйелерінің құрамына кіреді. Олар бұрғылау ерітінділерін бөлшектерінің мөлшері 5 мкм артық шламнан тазартуды, ылғалдылығы төмен шламды бөле отырып, құм және лай бөлгіштерді ағызу центрифугасында өңдеуді, баритті регенерациялауды, бұрғылау кезінде оны бірнеше рет пайдалануды және бұрғылау ерітіндісінен коллоидты фазаның артық мөлшерін шығаруды, сондай - ақ ұңғыманы бұрғылау аяқталғаннан кейін баритті регенерациялауды, бұрғылау ерітіндісінің артық мөлшерін айналым суына және ылғалдылығы төмен шламға бөле отырып, өңдеуді, бұрғылау ерітінділерін газсыздандыруды қамтамасыз етеді.

Тазартудың толық жиынтықты блоктарын пайдалану кезінде Бұрғылау қалдықтарының көлемі 2-3 есе қысқарады, барит пен химрегенттердің шығыны 40-60% — ға азаяды. Бұрғылау процесінде блоктан контейнерлерде немесе борттық көлік құралдарында тасымалдауға жарамды ылғалдылығы төмен шлам шығады. Мұндай шламды ең аз шығынмен белгілі технологиялар бойынша залалсыздандыруға оңай.

Бұрғылау қондырғысының класына байланысты тазалау блогы: желілік виброситпен СВ1Л – 1-3 дана; құм бөлгішпен ГЦ-360М – 1 дана; илобөлгішпен ИГ-45/75 – 1 дана; ситогидроци-клонды сепаратормен СГС 65/300 – 1 дана; центрифуга базасындағы толық жиынтықтағы саз бөлгішпен (екі сорғы,


араластырғыш, қабылдау құрылғысы, рама) – 1 жиынтық; шлам сорғыларымен ГрА 170/40 – 1-3 дана; дегазатормен.

Тазалау блогының өткізу қабілеті қолданылатын бұрғылау қондырғысының класына сәйкес келеді және техникалық құралдардың жиынтығына байланысты 25-тен 90 л/с дейін өзгеруі мүмкін.

Жабдық жиынтығы бұрғылау шарттарына және бұрғылау қондырғысының сыныбына сәйкес бір немесе екі сыйымдылықта орналастырылады.

Тазалау блогының гидравликалық схемасы бұрғылау жағдайына байланысты тазарту механизмдерін пайдалануға, бұрғылау ерітіндісін өңдеуге мүмкіндік береді.

Арнайы тапсырыс бойынша тазарту блогы компоненттік құрамды регламенттеудің және бұрғылау ерітінділерінің қасиеттерін басқарудың есептік технологиясымен немесе осы мақсаттарға арналған компьютерлік бағдарламамен толықтырылуы мүмкін. Технология уақыт пен материалдардың аз шығынында бұрғылау ерітіндісін дайындау және өңдеу процесін жедел басқаруды жүргізуге мүмкіндік береді.



1 - жабу; 2 - виброелек СВ1Л; 3 - желдеткіш; 4 – илоайырғыш ИГ 45 /75; 5 - центрифуга; 6 - электр сорғыш агрегат; 7 – калорифер; 8 – сито-гидроциклонды сепаратор; 9 – сыйымдылық; 10 – дегазатор «Каскад-40»; 11 - химиялық өңдеу блогы; 12 – араластырғыш

### 1.1 Сурет – Тазалау блогының сызбасы

Бұрғы ерітінділерін сусыздандыру блогы бұрғы ерітіндісінің артығын циркуляциядан алып тастауға, ұңғыманы бұрғылау аяқталғаннан кейін оны жоюға, сондай-ақ бұрғы ерітіндісінен баритті регенерациялау кезінде центрифугадан ағызуды сусыздандыруға арналған.




Блок манифольдтан, әрқайсысы коагулянт және флокулянт ерітінділерін дайындау үшін 3 м<sup>3</sup> көлемінде екі сыйымдылықтан тұрады. Ыдыстар бұрамалы редукторы бар механикалық араластырғыштармен және ерітінділерді манифольдқа беруге арналған екі сорғымен жабдықталған. Манифольд сондай-ақ су мен бұрғылау ерітіндісін беруге арналған сорғылармен байланған. Бұрғылау ерітіндісінің, судың, коагулянттың және флокулянттың қоспасы қатты фазаға бөлінетін шөгінді шнек центрифугасына және сумен жабдықтау жүйесінде бұрғылау немесе жергілікті жерге төгу үшін өңдеуден кейін жарамды суға беріледі.

Аралық блок бұрғылау ерітіндісінің қажетті көлемін сақтауға арналған. Блоктың сыйымдылықтарында екі механикалық және гидравликалық араластырғыш орнатылған. Соңғылары қосалқы қысымды құбырға қосылған. Құрылым бойынша қабылдау блогы аралық блоктарға ұқсас.

Сусымалы материалдарды сақтау блок-модулі сусымалы материалдарды қабылдауға, сақтауға, бұрғылау ерітіндісін дайындауға және ауырлатуға арналған. Бункерлерді сусымалы материалдармен (саз ұнтағы, барит, цемент, химиялық заттар және тағы басқалары) тікелей цемент тасығыштардан, сондай-ақ жиынтықта бар пневмо тиегіштің көмегімен – қаптар мен контейнерлерден жүктеуге мүмкіндік береді. Күш өлшегіш және деңгей өлшегіш құрылғылар сусымалы материалдарды тиеу, сақтау және жеткізуді бақылауды қамтамасыз етеді.

Блок-модуль (1.2-сурет) тереңдігі 5000 м астам мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау кезінде бұрғылау қондырғыларының циркуляциялық жүйесінің құрамында қолданылады.



1-су араластырғыш; 2-жүк түсіруші; 3-шлюзді қоректендіргіші; 4-сақтандырғыш клапаны; 5-сақтау бункері; 6-пневмоқшаулағыш; 7-күш өлшеуіші; 8-электр қозғалтқышы бар шлам жапқыш; 9-деңгей көрсеткіші; 10-сигналдық сирена

1.2 Сурет – Сусымалы материалдарды сақтаудың блок-модулінің схемасы

## 1.1 Кесте – Техникалық сипаттамасы


Сақтау бункерлерінің саны	шамасы
Сақтау бункерінің көлемі, м <sup>3</sup>	2
Пневм тиегіштің көлемі, м <sup>3</sup>	42
Гидравликалық араластырғышқа сусымалы материалдардың максималды шығыны, т/сағ:	2,9
барит	30
бентонит	5
химиялық реагенттер	2
Ерітіндіні дайындау және ауырлату кезіндегі өнімділік, м <sup>3</sup> /сағ	90

Ерітіндіні өңдеудің ішкі жүйесі келесі функционалдық тәртіпте жұмыс істейді:

- әртүрлі мұнай-химиялық нысандардағы бұрғылау ерітіндісінің негізін құру (суспензия, қоспалар, эмульсия);
- бұрғылау ерітіндісін ауырлату;
- химиялық реагенттердің көмегімен ерітінді қасиеттерін реттеу, ерітіндінің қасиеттерін кейіннен тұрақтандыру және бақылау;
- ерітіндіден шығарылған жыныстар мен бөгде газдардың қоспаларын алып тастау.

Бұрғылау қондырғыларының циркуляциялық жүйелеріне қойылатын аса маңызды талаптар – бұрғылау ерітіндісінің құрамы мен физико-механикалық қасиеттерін осы геологиялық-техникалық шарттар үшін қажетті сапалы дайындау, бақылау және қолдау. Бұл талаптарды орындау кезінде бұрғылаудың жоғары жылдамдығына қол жеткізіледі және ұңғымадағы көптеген авариялар мен асқынулардың алдын алады.

Бұрғылау қондырғысының циркуляциялық жүйесі (1.3-сурет) пайдаланылған бұрғылау ерітіндісін жинау және тазалау, оның жаңа порцияларын дайындау және тазартылған ерітіндіні ұңғымаға айдау үшін қызмет етеді.




1-ұңғыма сағасы; 2-желоб (науа); 3-виброелек; 4-гидроциклон; 5-БПР; 6-сыйымдылық; 7- шлам сорғысы; 8- қабылдау сыйымдылығы; 9- бұрғылау сорғысы; 10- айдау құбыры

1.3 Сурет – Бұрғылау ерітіндісінің айналмалы жүйесі

## 1.2 Циркуляциялық жүйенің технологиялық схемасы

Бұрғылау ерітіндісін дайындауға және тазалауға арналған құрылғылар технологиялық схемаға сәйкес өзара әрекеттесетін жеке блоктар түрінде орналастырылады (1.4-сурет).



Желілер: I – айдау; II – сору; III – ағызу; IV – ауа желілері

1-силос; 2-жабық алаң, 3-диспергатор, 4-гидроэжекторлы араластырғыш, 5-люк, 6-тіреуіш сорғылардың блогы және резервуарлық блок, 7-бұрғылау сорғылары, 8-механикалық араластырғыш, 9-резервуар, 10-деңгей өлшегіш, 11-эжекторлы-гидроциклонды құрылғы, 12-жуу ерітіндісін өңдеу блогы, 13-центрифуга, 14-илоайырғыш; 15-ортадан тепкіш шлам сорғысы, 16-ұсақ торы бар арнайы виброелек; 17-17-гидравликалық араластырғыш, 18-механикалық араластырғыш, 19-бұрандалы сорғы, 20-өлшеуіш бөлік, 21-орталықтан тепкіш сорғы, 22-күм бөлгіш, 23-тұндырғыш, 24-аспаптар панелі, 25-дегазатор, 26-виброелек, 27-бұрғылау колоннасы, 28-сағалық науа, 29-газды сепаратор, 30-манифольд, 31-шығын өлшегіш.

1.4 Сурет – Циркуляциялық жүйенің технологиялық сұлбасы

## 1.3 Циркуляциялық жүйе блоктарын монтаждау

Циркуляциялық жүйенің блоктарын монтаждау белгілі бір жұмыс жүйелілігін сақтай отырып жүргізіледі:

- Циркуляциялық жүйе элементтерінің: сыйымдылықтардың, жабдықтардың, механизмдердің, төсемдердің, қоршаулардың және т. б. техникалық жай-күйін монтаж алдында тексеру;
- Монтаждау және қосу элементтерінің жинақтылығын тексеру;
- Орнатуды бастамас бұрын іргетастардың жағдайын (егер оларды дайындық тобы салған болса) немесе монтаждау басталар алдында олардың құрылғысын тексеру;

- Циркуляциялық жүйенің блоктарын көтеру, ауыстыру және орнату кезінде талап етілетін такелаждық құрылғылар мен механизмдер жиынтығын тексеру;


- Дәнекерлеу жіктері, элементтердің деформациясы, төсемдердің, қауырсын қоршаулардың, алаңдардың, өткелдер мен баспалдақтардың жай-күйі бойынша анықталған ақаулы учаскелерді монтаж алдындағы тексерумен түзету;

- Монтаждау орнынан бөлек жерде циркуляциялық жүйе блоктарын құрастыру, бұл ретте бұрғылау кезінде циркуляциялық жүйелерді пайдалану талаптары бойынша жинақшілік (эксплуатациялық) дайындық қамтамасыз етіледі;

- Циркуляциялық жүйе блоктарын монтаждау.


Циркуляциялық жүйе элементтерінің техникалық жай-күйін монтаж алдында тексеруге бекіту бұйымдарын (олардың коррозиясы, бұрандалы жіптері бойынша жай-күйі, бұрандамалар мен гайкалар бастары қырының жай-күйін қарау); дәнекерлеу тігістерінің ақаулары (пісірілмеген, қабатталмаған, күйген, үзілістер, қожды қосу, раковиналар, кратерлер, кесінділер және тағы басқалары); ыдыстар, жабдықтар, төсемдер элементтерінің деформациялануы бар учаскелер (негізгі металдағы жарықтар, жергілікті жарықтар, иілу, сынықтар, майысулар); коррозиялық зақымданулар мен коррозияға қарсы қорғау ақауларының учаскелері (қабырғаның бастапқы  $\delta$  қалыңдығының  $\delta_{кор}$ -ға дейін төмендеуі;  $\delta_{кор} < 0,6\delta$  ара қатынасы кезінде, егер дәнекерлеу прожогтары болмаса немесе мұндай сыйымдылық ауыстырылуға тиіс болса, сыйымдылықтар бойынша коррозиялық аймақтарды жабу талап етіледі).

Циркуляциялық жүйенің әрбір блогының астына іргетастарды орнатуды (тазалау блогы, аралық және қабылдау блогы) 1.5-сурет бойынша орындау қажет.




1.5 Сурет – Іргетас орналасуы: Құм жастығындағы 70-мм тақтайдан жасалған тұтас төсеніш.

Тегістелген алаңға қалыңдығы 5-10 см құмды жастықша төселеді, содан кейін қалыңдығы 30 мм тақтайлардан тұтас төсем жасалады, әрі әрбір тақтайдың ұзындығы циркуляциялық жүйе сыйымдылығының енінен 600 мм артық болуы тиіс, яғни әр жағынан ені бойынша жоспарда сыйымдылық контурлары 300 мм-ден шығып тұруы тиіс (1.6-сурет).



1.6 Сурет – Циркуляциялық жүйе сыйымдылығын монтаждау

Циркуляциялық жүйенің әрбір блогы өз төсем-іргетасқа орнатылады. Екі көршілес блоктардың науаларын қосу үшін келтеқұбырдың тез жинақты қосылуының принциптік схемасы 1.7-суретте көрсетілген (әдетте  $D_n=426$  мм).




1.7 Сурет –  $D_n=426$  мм ірі науаларды қосу

Екі көрші блоктардың сорғыш коллекторларын қосу үшін келте құбырға  $D_n=273$  мм тез жинағыш қосылым қолданылады.

Ұңғыма сағасы мен тазалау блогының арасындағы науалар тік бұрышты; табак болаттан жасалған дәнекерленген; шегендеу құбырларынан жасалған жартылай дөңгелек; диаметрі 250-300 мм дәнекерленген құбырлардан жасалған дөңгелек юлып келеді. Егер дөңгелек науалар қолданылса, онда олар шламның шөгуін болдырмау үшін үлкен еңіспен ( $3...5^\circ$ ) орнатылады.

Бұл дөңгелек науалар, сондай-ақ қабылдау және тірек блоктары мен бұрғылау сорғылары арасындағы сорғыш құбырлар жалғастырушы муфттарды қолдана отырып құрастырылады (1.8-сурет).



1-дәнекерленген және жауапты фланецтер, 2-корпус, 3-тығыздау, 4-гайкалы болттар

1.8 Сурет –  $D_n=273$  мм сору коллекторларын біріктіру

Қосалқы айдау құбырлары үшін, бу, су және химиялық реагенттер құбырлары үшін циркуляция жүйелерінде жалпы мақсаттағы бекіту арматурасы қолданылады. Сору құбырлары үшін төмен қысымды (0,6 МПа дейін) айдау құбырлары үшін арнайы бұрылатын шиберлік жапқыштарды пайдаланады.

Циркуляциялық жүйенің барлық сыйымдылықтары бір көлденең жазықтықта 1 м ұзындыққа және енге 1 мм-ге дейін әрбір сыйымдылықтың үстіңгі жағын табуды қамтамасыз ете отырып, көлденең төсемдерде (іргетастарда) орнатылуы тиіс [3].

## 2 Есептеу бөлімі

### 2.1 Виброелекті есептеу және таңдау

Мұнай өнеркәсібіне арналған дірілді елеуіштер бұрғылау ерітіндісін бұрғыланған жыныстан (шланнан) тазарту үшін қолданылады. Виброелек – бұл тазартудың бірінші сатысы, мөлшері 75-100 мкм артық 10-20% шламды жояды. Виброситтің тазалау және өткізу қабілеті електі беттің ауданы, електі кассетаның ұяшығының мөлшері және дірілүдеуі арқылы анықталады. Бұрғылау ерітіндісінің қосымша виброелектегі су жеткізу үшін форсункалармен жабдықталуы мүмкін. Виброелекте екі вибромотор орнатылған. Бірінші вибромотор жоғары сызықты діріл жасайды, екінші вибромотор эллиптикалық қозғалыс жасайды [9].

#### 2.1 Кесте – Виброелектің техникалық сипаттамалары

Виброелек моделі	GNZS752E-DM	GNZS703E-HB	GNZS703E-DZ	GNZS594E-HB	GNZS594HGE-LD
Орындалуы	Сызықты				
Өнімділігі, м <sup>3</sup> /ч	45	120		140	
Вибромотор қуаты, кВт	2x0,75	2x1,72		2x1,94	
Тор саны (кассета), шт	2	3		4	
Тор өлшемдері, мм	750x900	700x1250		585x1165	
Тор ауданы, м <sup>2</sup>	1,35	2,63		2,73	
Діріл күші	7,1G	7,5G		8,0G	
Амплитуда, мм	3,92-5,62	4,14-5,96		4,4-6,34	
Дірілдеткіштің көлбеу бұрышы	+20	-1 – +50 (электрлік реттеу)			
Сұйықтықтың кіру биіктігі, мм	710	895	1042	895	
Массасы, кг	893	1675	1742	1722	1638
Өлшемдері (ДxШxB), мм	1676x1689x106	2717x1998x142	2419x2055x147	2937x1998x142	2761x1998x142
	2	8	4	8	8

Берілген өнімділікке сәйкес GNZS752E-DM виброелек таңдалды.

## 2.2 Гидроциклонды жобалау

### 2.2 Кесте – Есептеуге арналған бастапқы мәліметтер

Өткізу қабілеті $Q$ , $\frac{м^3}{с}$ $\frac{м^3}{ч}$	0,040 144
Гидроциклон диаметрі $D$ , мм	150
Конус бұрышы $\alpha$ , град	20
Ерітіндінің сұйық фазасының тығыздығы $\rho_{ж}$ , $\frac{кг}{м^3}$ $\frac{г}{см^3}$	1200 1,2
Ерітіндінің қатты фазасының тығыздығы $\rho_{т}$ , $\frac{кг}{м^3}$ $\frac{г}{см^3}$	2600 2,6
Айдау құбырының диаметрі $d_{тр}$ , м	0,125
Гидроциклондар саны $n$ , шт	6

1) Гидроциклонның конструктивтік параметрлерін есептеу  
Қоректендіргіш саптаманың диаметрі:

$$d_{п} = (0,125 \div 0,25)D_{Г}; \quad (1)$$

мұнда,  $D_{Г}$  – гидроциклона диаметрі

$$d_{п} = (0,125 \div 0,25) \cdot 0,15 = (0,0188 \div 0,0375) \text{ м}.$$

$d_{п} = 3 \text{ см} = 0,03 \text{ м}$  деп қабылдаймыз.

Төгу саптамасының диаметрі:

$$d_{с} = (0,25 \div 0,50)D_{Г}; \quad (2)$$

$$d_{с} = (0,25 \div 0,50) \cdot 0,15 = (0,0375 \div 0,075) \text{ м}.$$

$d_{с} = 0,04 \text{ м}$  деп қабылдаймыз.

Гидроциклонның құм саптамалары (шлам) гидроциклоннан шламды, құмды түсіру үшін қызмет етеді. Құм саптамалары гидроциклонның принципті элементі болып табылады, себебі шығатын құм саптамасы диаметрінің арқасында қажетті ағызу ірілігін алады. Стандартты құм саптамалары тозуға төзімді полиуретаннан жасалады. Құм түріне байланысты гидроциклонға бекітудің әртүрлі әдістері бар.

Шлам саптамасының диаметрі:

$$d_{ш} = (0,15 \div 0,45)d_{с}; \quad (3)$$

$$d_{ш} = (0,15 \div 0,45) \cdot 0,04 = (0,006 \div 0,018) \text{ м}.$$

$d_{ш} = 0,018 \text{ м}$  деп қабылдаймыз

Гидроциклонның цилиндрлік бөлігінің биіктігі:

$$h_1 = (1 \div 1,2)D_{Г}; \quad (4)$$



$$h_1 = (1 \div 1,2) \cdot 0,15 = (0,015 \div 0,018) \text{ м.}$$

$h_1 = 0,015$  м деп қабылдаймыз.

Гидроциклонның конустық бөлігінің биіктігі:

$$h_2 = \frac{D_{\Gamma}}{2 \cdot tg \frac{\alpha}{2}}; \quad (5)$$

$$h_2 = \frac{0,15}{2 \cdot tg \frac{20}{2}} = 0,425 \text{ (м).}$$

2) Гидроциклонның негізгі параметрлерін есептеу

Есеп әдебиетте ұсынылған әдістемеге сәйкес жүргізілді [4].

Лай бөлгішке берілген беріліс бойынша бір гидроциклонға қажетті берілісті анықтаймыз:

$$q = \frac{Q}{n}; \quad (6)$$

мұнда,  $n$  – лай бөлгіштегі гидроциклондар саны.

$$q = \frac{Q}{n} = \frac{144}{6} = 24 \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (7)$$

$$q = \frac{Q}{n} = \frac{0,040}{6} = 0,0067 \text{ м}^3/\text{с.}$$

Гидроциклонға кіруде қажетті қысымды эмпирикалық формула бойынша анықтаймыз:

$$H = \left( \frac{q}{3600 \cdot k \cdot D \cdot d_c} \right)^2 \cdot g; \quad (8)$$

мұнда,  $k$  – өнімділік коэффициенті.

Тазаланған орта мен конус бұрышын ескере отырып,  $k=0,7$  сонда аламыз:

$$H = \left( \frac{24}{3600 \cdot 0,7 \cdot 0,15 \cdot 0,04} \right)^2 \cdot 9,81 \approx 31,3 = 0,31 \text{ (МПа).}$$

Шекаралық астық диаметрін әдебиетте [2] ұсынылған әдістемеге сәйкес анықтаймыз:

$$\delta = 1,5 \sqrt{\frac{d_{\text{сл}} \cdot D_{\Gamma} \cdot a}{d_{\text{ш}} \cdot k_d \cdot \sqrt{P_{\text{вх}} \cdot 1,16 (\rho_{\text{т}} - \rho_{\text{ж}})}}}; \quad (9)$$

мұнда,  $d_{\text{сл}}$  – құю келтекұбыры диаметрі, м;  $D_{\Gamma}$  – гидроциклон диаметрі, м;  $d_{\text{ш}}$  – шлам саптамасы диаметрі, м;  $P_{\text{вх}} = 0,31$  – давление на входе, МПа;  $a = 5\%$  – ерітіндідегі құм мөлшері, %;  $\rho_{\text{т}}, \rho_{\text{ж}}$  – қатты және сұйық фазаларының тығыздығы, кг/м<sup>3</sup>;  $k_d = 1,5$  – эмпирикалық коэффициент.

$$\delta = 1,5 \sqrt{\frac{0,04 \cdot 0,15 \cdot 5}{0,018 \cdot 1,05 \cdot \sqrt{3,16} (2600 - 1200)}} \approx 12 \cdot 10^{-6} \text{ м} = 12 \text{ мкм.}$$

3) Циркуляциялық жүйедегі қысымның шығынын есептеу  
Есеп әдебиетте ұсынылған әдістемеге сәйкес жүргізілді [6].

Гидравликалық забойды қозғалтқышпен бұрғылаудың және бұрғылаудың роторлы тәсілі кезінде айналмалы жүйедегі қысымның шығынын анықтау.

Бұрғылау құбырының диаметрі  $d=146\text{мм}$  с толщиной стенки  $\delta=9\text{мм.}$ , диаметр долота  $D_d=295,3\text{мм.}$

Бұрғылау құбырларындағы бұрғылау ерітіндісінің ағу режимін мына формула бойынша анықтаймыз [9]:

$$Re = \frac{10 \cdot \rho_{б.р} \cdot \vartheta_{тр} \cdot d}{g \left( \eta + \frac{\tau_0 d}{6 \vartheta_{тр}} \right)}; \quad (10)$$

мұнда,  $\rho_{б.р.}$  – бұрғылау ерітіндісінің тығыздығы,  $\text{кг/м}^3$ ;  $\rho_{б.р} = 1200 \text{ кг/м}^3$ ;  
 $\vartheta_{тр}$  – сұйықтық ағысының орташа жылдамдығы,  $\text{м/с}$ :

$$\vartheta_{тр} = \frac{4Q}{\pi d^2}, \quad (11)$$

мұнда,  $Q$  – бұрғылау ерітіндісінің шығыны,  $\text{м}^3/\text{с}$ ;  $Q = 0,040 \text{ м}^3/\text{с}$ ;  
 $d$  – құбырлардың ішкі диаметрі,  $\text{м}$ ;  $d = 0,146 - 2 \cdot 0,009 = 0,128$ ;  
 $g$  – еркін түсу үдеуі,  $\text{м/с}^2$ ;  $g = 9,81$ ;  
 $\eta$  – ерітіндінің құрылымдық тұтқырлығы,  $\text{Н} \cdot \text{с/м}^2$ ;  $\eta = 1 \cdot 10^{-2}$ ;  
 $\tau_0$  – динамикалық жылжу кернеуі,  $\text{Н/м}^2$ ;  $\tau_0 = 8,16$ .

$$\vartheta_{тр} = \frac{4 \cdot 0,040}{\pi \cdot 0,122^2} \approx 3,5 \left( \frac{\text{м}}{\text{с}} \right).$$

Деректерді алмастыра отырып:

$$Re = \frac{10 \cdot 1200 \cdot 3,5 \cdot 0,128}{9,81 \left( 1 \cdot 10^{-2} + \frac{8,16 \cdot 0,128}{6 \cdot 3,5} \right)} = 9173,7.$$

Рейнольдс критеріі бойынша  $Re=9173,7 > 2300$  – сұйықтық ағысының турбулентті режимі.

Бұрғылау құбырларындағы қысымның жоғалуын анықтаймыз:

$$P_{тр} = 8,26 \lambda_{тр} \frac{Q^2 (L - l_{убт})}{d^5} \rho_{б.р}; \quad (12)$$

мұнда,  $L$  – ұңғыманың тереңдігі,  $\text{м}$ ;  $L = 2100 \text{ м}$ ;

$l_{\text{УБТ}}$  – АБҚ ұзындығы, м;  $l_{\text{УБТ}}=100$  м;

$d$  – бұрғылау құбырларының ішкі диаметрі, м;

$\rho_{\text{б.р.}}$  – бұрғылау ерітіндісінің тығыздығы, кг/м<sup>3</sup>;

$\lambda_{\text{тр}}$  – құбырдың гидравликалық кедергілерінің коэффициенті.

Бұрғылаудың турбуленттік режимі кезінде:

$$\lambda_{\text{тр}} = \frac{0,08}{\sqrt[7]{Re}} = \frac{0,08}{\sqrt[7]{9173,7}} = 0,0217; \quad (13)$$

$$P_{\text{тр}} = 8,26 \cdot 0,0217 \frac{0,040^2(2100-100)}{(0,128 \cdot 10^2)^5} 1200 = 15,65 \text{ (МПа)}.$$

Сақиналы кеңістіктегі қысым шығынын анықтаймыз. Сақиналы кеңістікте бұрғылау режимін анықтаймыз:

$$Re = \frac{10\rho_{\text{б.р.}}\vartheta_{\text{к.п}}(D_{\text{д}}-d)}{g\left(\eta + \frac{\tau_0(D_{\text{д}}-d)}{6\vartheta_{\text{к.п}}}\right)}, \quad (14)$$

мұнда,  $\vartheta_{\text{к.п}}$  – сақиналы кеңістік бойынша сұйықтық ағысының орташа жылдамдығы:

$$\vartheta_{\text{к.п}} = \frac{4Q}{\pi(D_{\text{д}}^2-d^2)}, \quad (15)$$

$D_{\text{д}}$  – кашау диаметрі, м;  $D_{\text{д}} = 0,2953$ ;

$$\vartheta_{\text{к.п}} = \frac{4 \cdot 0,040}{\pi(0,2953^2 - 0,146^2)} = 0,87 \left(\frac{\text{м}}{\text{с}}\right).$$

$$Re = \frac{10 \cdot 1200 \cdot 0,87(0,2953-0,146)}{9,81\left(1 \cdot 10^{-2} + 8,16 \frac{0,2953-0,146}{6 \cdot 0,87}\right)} = 652,8.$$

$Re = 652,8 < 2300$ , яғни, ламинарлы ағым режимі. Сақиналы кеңістіктегі қысымның жоғалуы:

$$P_{\text{кп}} = 8,26\lambda_{\text{кп}} \frac{Q^2(L-l_{\text{УБТ}})}{(D_{\text{д}}-D)^3(D_{\text{д}}+D)^2} \rho_{\text{б.р.}}, \quad (16)$$

мұнда,  $\lambda_{\text{кп}}$  – сақина кеңістігінің гидравликалық кедергі коэффициенті. Ламинарлық ағын кезінде:

$$\lambda_{\text{кп}} = \frac{80}{Re}, \quad (17)$$

$$\lambda_{\text{кп}} = \frac{80}{652,8} = 0,122.$$

$$P_{\text{кп}} = 8,26 \cdot 0,122 \cdot \frac{0,040^2 \cdot (2100 - 100)}{(0,2953 - 0,146)^3 (0,2953 + 0,146)^2} \cdot 120 \approx 0,755 \text{ (МПа)}.$$

Ауырлатылған бұрғылау құбырларындағы қысымның жоғалуын анықтау. Бұл шығындарды эквивалентті ұзындық әдісі бойынша есептеген өте ыңғайлы:

$$l_{\text{э.УБТ}} = \frac{l_{\text{УБТ}} d^5}{d_{\text{УБТ}}^5}, \quad (18)$$

мұнда,  $l_{\text{УБТ}}$  – АБҚ ұзындығы;  $l_{\text{УБТ}} = 100$  м;  
 $d$  – бұрғылау құбырларының ішкі диаметрі;  $d = 0,128$  м;  
 $d_{\text{УБТ}}$  – АБҚ ішкі диаметрі;  $d_{\text{УБТ}} = 0,1$  м;

$$l_{\text{э.УБТ}} = \frac{100 \cdot 0,128^5}{0,1^5} = 343 \text{ (м)}.$$

АБҚ-дағы қысымның жоғалуы мынадай формула бойынша анықталады:

$$P_{\text{УБТ}} = 8,26 \lambda_{\text{тр}} \frac{Q^2 l_{\text{э.УБТ}}}{d^5} \rho_{\text{б.р}}, \quad (19)$$

$$P_{\text{УБТ}} = 8,26 \cdot 0,0217 \frac{0,040^2 \cdot 343}{0,128^5} 1200 = 0,362 \text{ (МПа)}.$$

Бұрғылау құлыптарындағы қысымның жоғалуын анықтау. Құлып қосылыстарындағы қысымның жоғалуы жергілікті кедергілердің эквивалентті ұзындығына байланысты анықталады:

$$P_3 = 8,26 \lambda_{\text{тр}} l_{\text{э.к}} \frac{Q^2 L}{d^5 l_3} \rho_{\text{б.р}}, \quad (20)$$

мұнда,  $\lambda_{\text{тр}}$  – құбырдың гидравликалық кедергілерінің коэффициенті,  
 $l_{\text{э.к}}$  – құлып қосылысының эквивалентті ұзындығы, м;  
 $l_{\text{э.к}} = kd$ ,  $k=28,8$  – құбырлардың ішкі диаметрінің үлесінде көрсетілген эквивалентті ұзындығы.

$$l_{\text{э.к}} = 28,8 \cdot 0,128 = 3,69 \text{ (м)}.$$

$L$  – бұрғылау құбырлары бағанасының ұзындығы, м;  
 $l_3$  – құлыптар арасындағы орташа қашықтық, м;  $l_3=12$ .

$$P_3 = 8,26 \cdot 0,0217 \cdot 3,69 \cdot \frac{0,040^2 \cdot 2000}{0,128^5 \cdot 12} \cdot 1200 = 0,780 \text{ (МПа)}.$$

Қашаудың жуу тесіктеріндегі қысымның жоғалуын анықтау. Практикалық есептеулер үшін берілген жоғалтуларды мына формула бойынша анықтауға болады:

$$P_d = \frac{0,12}{F^2} \rho_{б.р} Q^2, \quad (21)$$

мұнда,  $F$  – қашаудың жуу тесіктерінің жиынтық қимасы, м<sup>2</sup>;  $F = 17 \cdot 10^{-4}$

$$P_d = \frac{0,12}{(17 \cdot 10^{-4})^2} 1200 \cdot 0,040^2 = 1 \text{ (МПа)}.$$

Бұрғылау қондырғысын байлауда қысымның жоғалуын анықтау. Байлау элементтеріндегі қысымның жоғалуы (жетекші құбыр, вертлюг, бұрғылау шлангасы, жеткізуші желі) эквивалентті ұзындық әдісі бойынша есептеу жеткілікті ыңғайлы.

Жетекші құбырдың эквивалентті ұзындығын анықтаймыз:

$$l_{э.вт} = l_{вт} \frac{d^5}{d_{вт}^5}, \quad (22)$$

мұнда,  $l_{вт}$  – жетекші құбырдың нақты ұзындығы, м;  $l_{вт}=14$  [6;табл.63;131-бет];

$d$  – бұрғылау құбырларының ішкі диаметрі, м;

$d_{вт}$  – жетекші құбырдың ішкі диаметрі, м;  $d_{вт}=0,1$  [6;табл.63;131-бет].

Сонда

$$l_{э.вт} = 14 \cdot \frac{0,128^5}{0,1^5} = 48,1 \text{ (м)}.$$

Вертлюгтің эквивалентті ұзындығын анықтаймыз:

$$l_{э.в} = l_{в} \frac{d^5}{d_{в}^5}, \quad (23)$$

мұнда,  $l_{в}$  – вертлюг стволының нақты ұзындығы,  $l_{в}=2$  м;

$d_{в}$  – вертлюг өту тесігінің диаметрі, м;  $d_{в}=0,1$  [6;табл.64;131-бет].

Сонда

$$l_{э.в} = 2 \cdot \frac{0,128^5}{0,1^5} = 6,8 \text{ (м)}.$$

Бұрғылау шлангісінің эквивалентті ұзындығын анықтаймыз:

$$l_{э.бш} = l_{ш} \frac{d^5}{d_{ш}^5}, \quad (24)$$

мұнда,  $l_{ш}$  – бұрғылау шлангісінің нақты ұзындығы,  $l_{ш}=20$  м;  
 $d_{ш}$  – бұрғылау шлангісінің өту тесігінің диаметрі, м;  $d_{ш}=0,102$   
 [6;табл.63;131-бет].

Сонда

$$l_{э.бш} = 20 \cdot \frac{0,128^5}{0,102^5} = 62 \text{ (м)}.$$

Жеткізу сызығының ұзындығын анықтаймыз.

Жеткізу желісі ұзындығы  $l_{п}=100$ м, ішкі диаметрі 128 мм, диаметрі 146-мм бұрғылау құбырынан жасалған.

Байлаудың барлық элементтерінің жалпы эквивалентті ұзындығы:

$$l_{э.об} = l_{э.вт} + l_{э.в} + l_{э.бш} + l_{п}, \quad (25)$$

$$l_{э.об} = 48,1 + 6,8 + 62 + 100 = 216,9 \text{ м}.$$

Бұрғылау қондырғысын байлауда қысымның жоғалуы:

$$P_{об} = 8,26 \lambda_{тр} \frac{Q^2 l_{э.об}}{d^5} \rho_{б.р}, \quad (26)$$

$$P_{об} = 8,26 \cdot 0,0217 \frac{0,040^2 \cdot 216,9}{0,128^5} 1200 = 0,229 \text{ (МПа)}.$$

Бұрғылаудың роторлы тәсілі кезінде турбобурдағы қысым шығыны жоқ, осы себеп бойынша циркуляциялық жүйесіндегі жалпы шығындар мынадай формула бойынша анықталады:

$$P_p = P_{тр} + P_{к.п} + P_{убт} + P_з + P_d + P_{об}, \quad (27)$$

$$P_p = 15,56 + 0,755 + 0,362 + 0,70 + 1 + 0,229 = 18,606 \text{ (МПа)}.$$

### 2.3 Лай бөлгішті есептеу және таңдау

Тұнба бөлгіш қатты фазаның (бұрғылау ерітіндісіндегі тұнба бөлшектері) құрамын бақылау бойынша кез келген жүйедегі жабдықтың негізгі бөлігі болып табылады. Тұнба бөлгіш құм бөлгіштермен, балшық бөлгіштермен және центрифугалармен үйлесімде пайдаланылса, ол қатты фазамен жасалатын, оның соңынан ағын бойынша орналасқан жабдыққа жүктемені едәуір "жеңілдетеді", осылайша, осы жабдықтың өнімділігін жақсартып және оны пайдалануға байланысты шығындарды қысқартады [9].

Негізгі жұмыс органы – гидроциклон. Ол жоғарғы қысқа цилиндрлік және төменгі ұзартылған конустық бөліктерден тұратын ыдыс болып табылады. Бұрғылау ерітіндісі, виброситтерде тазартылғаннан кейін, ішкі цилиндрлік қуысқа аздаған қысым арқылы келте құбырға беріледі.

Берілген өнімділікке сәйкес ИГ-45 типті лай айырғыш таңдалды.

ИГ-45 лай бөлгішінің техникалық сипаттамасы 2.3-кестеде көрсетілген.

### 2.3 Кесте – ИГ-45 лай бөлгішінің техникалық сипаттамалары

Өткізу қабілеті, м <sup>3</sup> /с	0,045
Гидроциклондардың ішкі диаметрі, мм	75
Гидроциклондар алдындағы жұмыс қысымы, МПа	0,2-0,3
Гидроциклондар саны, шт.	16
Габариттік өлшемдер, мм, артық емес:	
- ұзындығы	2460
- ені	950
- биіктігі	1500
Салмағы, кг, артық емес	330

### 2.4 Насосты таңдау

Бұрғылау сорғысы-бұрғылау қондырғысының айналмалы жүйесінің бөлігі болып табылатын агрегат. Оның көмегімен бұрғылау ерітіндісін айдау қамтамасыз етіледі, соның арқасында бұрғыланған жынысты шығару, ұңғыма оқпанын нығайту және қашауды салқындату жүргізіледі.

Берілген өнімділікке және есептеулер нәтижесінде УНБТ-950 бұрғылау сорабы таңдалды.

УНБТ-950 сорғысы терең мұнай-газ өндіру ұңғымаларында пайдалануға арналған. Бұл мәжбүрлі майлау жүйесі бар бір жақты үш поршенді құрылғы. Бұл насостың артықшылықтары: үнемділік – майлау материалдарының шығынын төмендету есебінен; сенімділік – бөлшектердің жоғары тозуға төзімділігінің арқасында; пайдалану мен жөндеудің қарапайымдылығы – гидравликалық және редукторлық бөліктерді ұтымды шешу есебінен.

### 2.4 Кесте – Бұрғылау сорғыларының параметрлері

Көрсеткіштер	Сораптар		
	УНБ-600А	УНБТ-950	УНБТ-750
Насос қуаты, кВт	600	950	750
Цилиндр саны	2	3	3
Поршень қадамдарының максималды саны минутына	65	125	160
Кіріс білігінің ең жоғары айналу жиілігі, мин <sup>-1</sup>	320	556	687
Поршень жүрісінің ұзындығы, мм	400	290	250
Шығудағы ең жоғары қысым, МПа	25	32	35
Максималды мінсіз беру, л / с	51,9	46	50,7


### 3 Арнайы бөлім

#### 3.1 Бұрғылау ерітінділерін дайындауға және өлшеуге арналған құрылғылар

Бұрғылау ерітінділерін дайындауға және ауырлатуға арналған құрылғылар әрекет ету принципі бойынша механикалық және гидравликалық болып бөлінеді. Ұнтақ тәрізді материалдардың өсіп келе жатқан қолданылуына байланысты соңғы жылдары гидравликалық құрылғылар басым түрде таралды. Механикалық балшық араластырғыштармен салыстырғанда олар жоғары өнімділікке ие, бұрғылау ерітінділерінің шығынсыз сапасын және материалдарды дайындау үшін үнемді жұмсауды қамтамасыз етеді. Бұрғылау ерітіндісін дайындау блоктарының гидроэжекторлық араластырғыштары (БПР) өздерін жақсы көрсетті.

##### 3.1.1 Бұрғылау ерітіндісін дайындау қондырғысы (БПР)

Шығарылатын гидроэжекторлық араластырғыш 9 (3.1-сурет) ұнтақ тәрізді материалдардың гидроқоспасының пайда болуы үшін сұйықтықтың кинетикалық энергиясы пайдаланылатын ағынды аппарат болып табылады. Қысымы 4 МПА артық емес бұрғылау сорғылары сұйықтықты балшық ұнтақтарымен жұмыс істеу үшін диаметрі 30 мм ауысымдық штуцерлермен және ауырлатқыштармен жұмыс істеу үшін диаметрі 20 мм араластырғыштың сопласына құбыр бойынша айдайды. Ағыстың тарылуы салдарынан соплодағы сұйықтықтың жылдамдығы артады, ал қысым төмендейді. Соплодан қысымы төмен сұйықтық сору камерасына түседі.



1-силос; 2-сүзгі; 3-құбыр; 4-түсіру құрылғысы; 5-аэрация жүйесі; 6-аэроайлақ; 7-шланг; 8-воронка; 9- гидроэжекторлық араластырғыш; 10-келте құбыр; 11-сопло; 12-құбыр

3.1 Сурет – БПР-дің конструктивтік сұлбасы



Сору камерасында пайда болатын ажырату нәтижесінде шланг бойынша силостан сору камерасына сұйықтықпен және одан әрі конустық шығындайтын саптамаларға (диффузор) әсер ететін ұнтақ тәрізді материал сорылады. Диффузор бойынша өту кезінде ағынның жылдамдығы азаяды, ал қысым өседі және алынған ерітінді циркуляциялық жүйенің қабылдау сыйымдылығына құйылады. Диффузордан өткен кезде ағынның жылдамдығы төмендейді, ал қысым өседі және алынған ерітінді келте құбыр 10 бойынша циркуляциялық жүйенің қабылдау сыйымдылығына құйылады. Араластырудың бір циклі үшін ерітіндінің тығыздығы  $0,3-0,35 \text{ г/см}^3$  өседі. Алынған ерітіндінің тығыздығы жеткіліксіз болған жағдайда қайта араластыру жүргізіледі. Гидроэжекторлы араластырғыштың ПӘК-і салыстырмалы түрде төмен, алайда жылжымалы бөліктердің болмауына байланысты жоғары сенімділікке ие [4].

